

Юбилейное ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы Юбилейное ауылының әкімінің 2018 жылғы 21 мамырдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 4793 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2) тармағы негізінде және тұрғындардың пікірлерін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Юбилейное ауылындағы көшелер келесідей қайта аталсын:

Советская көшесі Сарыарқа көшесіне;

Ленина көшесі Достық көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Юбилейное ауылының әкімі

Байтурсынов Е.Х.